



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2023

Балқаш қаласы

№ 150/1

город Балхаш

Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысын, «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 28 тамыздағы №435 бұйрығын орындау мақсатында 2020-2023 жылдарға арналған Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мәселелерді шешу жөніндегі Жол картасын іске асыру аясында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі» КММ-нің кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Мектептің психологиялық қызметіне:

1) оқушылардың әлеуметтену динамикасының мониторингі жүргізілсін;

Жауапты: психологиялық қызмет

2) педагогикалық кеңестің күн тәртібіне Оқу-ағарту министрлігінің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін (№61, №377 ОМ бұйрықтары) зерделеу енгізілсін. Мерзімі 2023 жылғы 1 қазанға дейін;

Жауапты: мектеп директоры Г.С.Мейрбекова, педагог-психологтар: Д.Ж.Сағымбекова, Э.К.Алишева.

3) педагогтерге арналған оқыту семинарларын өткізу кестесі бекітілсін.

Мерзімі: 2023 жылғы 6 қарашаға дейін;

Жауапты: Д.Ж.Мусаханова, М.М.Жолдасбекова, педагог-психологтар: Д.Ж.Сағымбекова, Э.К.Алишева.

4) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін 6-8 сынып оқушыларының ата-аналарының жауапкершілігі мәселелері бойынша ата-аналар жиналысын өткізу ұйымдастырылсын;

Жауапты: ДТЖО Д.Ж.Мусаханова, М.М.Жолдасбекова, педагог-психологтар: Д.Ж.Сағымбекова, Э.К.Алишева.

5) коммуникативті тренингтер мен психологиялық диагностика жүргізу үшін 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарына педагог-психологтардың әрбір сыныпта жұмыс жүргізуі үшін сынып сағаттары (4-тен емес) бөлінсін («Психолог сағаты»);

Жауапты: ДТЖО Д.Ж.Мусаханова, М.М.Жолдасбекова

6) педагог-психологтар 6-10 сынып оқушылары арасында стресске төзімділік пен эмпатияны дамыту бойынша коммуникативтік тренингтер өткізсін. Мерзімі: 2024 жылғы 20 қаңтарға дейін;

Жауапты: педагог-психологтар: Д.Ж.Сағымбекова, Э.К.Алишева 7) уақытылы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету және білім беру процесі кезінде олардың психоэмоционалдық жай-күйін бақылау мақсатында білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен жұмыс жүргізілсін. Мерзімі: 2023 жылдың қыркүйек-қазан, одан әрі мониторинг жүргізу.

Жауапты: ДОТЖО Д.Ж.Мусаханова.

8) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар білім беру ұйымын ауыстырған кезде, оның ішінде аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлқына бейім болса, психологиялық қызметтердің жұмысындағы сабақтастық қамтамасыз етілсін.

Жауапты: психологиялық қызмет құрамы

9) педагог-психологтың қызметі үшін қажетті жағдайлар жасау, әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмыс кестесіне сәйкес консультациялар мен топтық тренингтер өткізу үшін кабинет анықталсын және ППМЖ пайдалана отырып психологиялық диагностика жүргізу үшін интернетке және компьютерлік сыныпқа қолжетімділікті қамтамасыз етілсін;

Жауапты: мектеп директоры Г.С.Мейрбекова.

10) білім алушылардың аутодеструктивті және бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу жөніндегі жұмыста:

- білім беру ұйымының директоры – жалпы басшылық және бақылау;

- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

- педагог-психологтарға, әлеуметтік педагогке, сынып жетекшілерге және өзге де жауапты білім беру ұйымының қызметкерлеріне – бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес іс-шараларды өткізу жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Ж.Мусахановаға жүктелсін.

Негізі: Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 28 тамыздағы №435 бұйрығы

Мектеп директоры



Г.С.Мейрбекова